

# *Жаңа жылдық лебіздер*

## Бұл барлық ауыл еңбеккерлеріне көрсетілген құрмет!

**Ықсан Таттыбаев, «Құрмет» орденінің иегері, «Пржевальское» ЖШСнің директоры:**



Еліміздің ең ұлық мерекесі қарсаңында Елбасы Жарлығымен мемлекеттік марапат «Құрмет» орденін алғаныма өзімді бақытты деп санаймын.
Бұл тек менің емес бүкіл Нұра диқандарының еңбегінің жемісі.
Ел Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың мен сияқты қарапайым ауыл еңбеккерін «Құрмет» орденімен марапаттауы ауылға, ауылдықтар еңбегіне деген қамқорлығы мен ілтипаты деп сезінемін.
Алдағы кезеңде Елбасының ауыл еңбеккерлері алдына қойып отырған міндеттерін орындау жолында аянбай еңбек ететін боламыз. Ол дегеніміз жылдан жылға озық технологиялар мен техникаларды қолданысқа енгізу арқылы ауыл шаруашылық өнімділігін арттыруға қол жеткізу.
Қадірменді жерлестер! Жаңа жыл құтты болсын! Еліміз дамып, көркее түссін!

## Байлығымыз – балаларымыз

**Жармұхамбет және Сараш Жакеновтар, Алтын той иелері,«Үлгілі отбасы» атағының иегерлері:**



Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев «Адамның байлығы балаларының санымен өлшенген» деп атай отырып, неке және отбасы мәселесіне қатты көңіл бөлуде. Оның негізі де бар.
Өзіміз 10 бала өсірдік, бүгінде солардан бірнеше немере, шөбере сүйіп, солардың небір қылықтарына кенеліп отырмыз. Көп балалы отбасында балалар ұйымшыл, бір біріне қамқор, еңбекқор болып өседі. Мынандай тамаша заманда бала туып, өсірген үлкен бақыт емес пе ?Сондықтан да жас отбасылары құрған некелерін берік ұстап, шаңырақтары сәбидің күлкісіне толсын деймiз!
Екінші бір назар аударатын мәселе: ата бабамыздың салт дәстүрін ұстануымыз қажет. Ол дегеніміз: имандылық, ізгілік пен адамгершілікке негізделген тәрбие. Үлкенді сыйлау, кішіге қамқор болу, қайырымды болу қазақтың қанына сіңген әдет. Мемлекетіміздің болашағы жастардың қолында, ендеше сол жастарымыз тәлімді, тәрбиелі, отансүйгіш, ұлтжанды болсып өссін!

## Мал өсірсең қой өсір, табысы оның көл көсір!

**Қанат Отарбаев, аудандық мәслихат депутаты, «Ұлтжанды тұлға» атағының иегері, «Отқанжар» ЖШСнің директоры:**



Өткен 2009 жылға өкпеміз жоқ. Осы жылда «Отқанжар» ЖШСнің құрылғанына 10 жыл толды. 10 жыл көп те, аз да емес. Осы аралықта шаруашылық аяғынан нық тұрды.Асыл тұқымды қой зауыты тағын қайтарып алған соң ең алдымен қой шаруашылығын асылдандыру жұмысына ден берудеміз. Биылғы жыл шопандарымыз жақсы табыстарға қол жеткізіп, 100 саулықтан 100 ден астам қозы алды. Бұл өте қуантарлық жағдай.Шаруамыз алға басып, ауылдың шырайы кіргізу үшін біраз жұмыс атқардық, ал биылғы жылы мешіт құрылысын аяқтадық. Оның бәрі де халық игілігі үшін жасалған істер екені хақ!
Барша нұралықтарды жаңа жылмен құттықтаймын! Барыс жылында жерлестеріме берекелі бақыт, айтулы табыстар тілеймін!

### Нұра ауданы тұрғындарының назарына

Қазақстан Республикасының 2000 жылдың 30 қарашасындағы Беларусь, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан Республикалары Үкіметтерімен жасалған азаматтардың өзара визасыз жол жүру Келісіміне сәйкес Қазақстан Республикасы азаматтары бұл елдердің шекараларын жеке куәлік бойынша өтулеріне болады.
Алайда, ҚР Үкіметінің 27.08.2009 ж. №1260 қаулысымен бекітілген жаңа жеке куәліктерге ауысуға байланысты, Ресей Федерациясы мен Қырғызстан шекараларында азаматтарды қайтару оқиғалары болған.
Қаулының 3 тармағын орындау барысында, ҚР ӘМ ТҚжҚКК Комитетімен ағымдағы жылдың қыркүйек айында ҚР Сыртқы істер министрлігінң Консулдық қызмет департаментіне жаңа жеке куәліктердің үлгілері берілген.
Бірақ, шекараны кесіп өту кезінде, азаматтарды кері қайтару оқиғаларын болдырмау мақсатында, республикадан тысқары шыққан кезде, ҚР азаматтарына, кеңес ретінде, қолдарында жеке куәлікпен бірге паспорттары да болу керектігін хабарлаймыз.

**Нұра аудандық Әділет басқармасы**

### К сведению жителей Нуринского района

В соответствии с Соглашением между Правительствами Республики Беларусь, Республики Казахстан, Кыргызской Республики, Российской Федерации и Правительством Республики Таджикистан о взаимных безвизовых поездках граждан от 30.11.2000 г. граждане РК могут пересекать границу России и Кыргызстана по удостоверению личности.
В связи с переходом на новые удостоверения личности, утвержденные Постановлением Правительства РК от 27.08.2009 г. №1260, возникли случаи возврата граждан на границе с Российской Федерацией и Кыргызской Республики.
В рамках исполнении пункта 3 Постановления Комитетом РСиОПП МЮ РК в сентябре т.г. в Департамент консульской службы Министерства иностранных дел РК были переданы образцы новых удостоверений личности.
Однако, во избежание случаев возврата при пересечении границы, гражданам Республики Казахстан рекомендуем иметь на руках наряду с удостоверением личности и паспорт.

**Управление юстиции Нуринского района**

Заслуженная награда

## Человек славен трудом!

**Указом Президента Республики Казахстан большая группа граждан удостоена высоких государственных наград. Лучшие из лучших. Это выражение, пожалуй наиболее характеризует этих людей – наших сограждан, чей вклад в социально-экономическое развитие страны, активную общественную деятельность был отмечен в канун Дня независимости высшими государственными наградами. Среди них – Тусупбекова Гульнар Еслямовна – руководитель общественного обьединения по содержанию и уходу за одинокими и оставшимися без попечения пожилыми людьми, награждена медалью «Шапағат».**



Во всем мире очевидными являются преимущества тех стран, где наряду с сильными институтами государства существует не менее сильные НПО. Широкое вовлечение граждан в различные формы сотрудничества способствует более эффективному накоплению социального капитала, который становится решающим фактором конкурентоспособности в условиях постиндустриального общества.
Профессиональный врач с большим опытом работы, умелый организатор, добрая и отзывчивая Гульнар имеет активную жизненную позицию. За годы становления своего детища сначала Дом Милосердия, а затем НПО, она принимала участие на III республиканском Гражданском форуме, в работе Ассоциации деловых женщин, черпала информацию, являясь членом общественного обьединения "Женщины Сарыарки"не останавливаясь на достигнутом, повышая свой интеллектуальный и политический уровень, расширяя свой кругозор, шаг за шагом она двигалась вперед.
Сегодя у нее нашли кров 38 обездоленных, одиноких людей, нуждающиеся в каждодневном уходе и заботе. И Гулнар Еслямовна создает эти условия, и живут они в полном порядке и довольствии. Путь к восхождению, конечно, не был прост. Разные люди, разные судьбы и к каждому надо найти путь к сердцу. Но благодаря своему характеру и доброму сердцу Гульнар Еслямовна сегодня на правильном пути. Тесно сотрудничает она со всеми общественными организациями, госучреждениями. Особую признательность выразила Гульнар Еслямовна в адрес акима района Серика Жамакуловича Шайдарова, котрый со дня вступления на эту должность, уделяет пристальное внимание жизни и деятельности ОО, и оказывает постоянную помощь и поддержку.
- **Надежда - она живет в каждом их нас. Но как часто в перипетиях сумбурного мира мы забываем о том, что мы сами способны творить чудеса Ведь зачастую одно только слово, нежный жест и улыбка дарят наши[м] близким, дорогим сердцу людям заряд энергии и веру в будущее. Сп[е]шите делать добро! Это благо не бывает запоздалым и невостребо[ва]нным. Спешите делать добро, и воздастся вам тем же-, говорит Гул[ьнар] Еслямовна.**
Мы поздравляем ее с заслуженной наградой и желаем ей успехов в ее не[лег]ком труде во благо людей.

**Бикен АХМЕТО[ВА]**

Республикалық «Жастар – 2009» сыйлығы

## *Жерлесіміз – жеңімпаз атанды*

**Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 18 жылдығына орай республикалық жастар конгресінің жастар саясатының дамуына үлес қосып, еліміздің қоғамдық саяси өміріне белсенді атсалысқаны үшін Республикалық «Жастар -2009» сыйлығының 18 номинация бойынша жеңімпаздары анықталды. Оның ішінде «Ең үздік ауыл мұғалімі» номинациясында Кәрім Мыңбаев атындағы орта мектептің тарих пәнінің мұғалімі Рүстем Ханнанов жеңіп шығып, дипломмен марапатталы[п] төсбелгі мен арнай кубокқа ие болды.**



Рүстем Ханнанов 2006 жылы Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік Университетінің тарих факультетін бітірісімен, өзінің туып- өскен ауылы Кәрім Мыңбаев ауылына келіп жұмысқа орналасады. «Жас келсе іске» дегендей жас маман өзінің таңдаған мамандығы бойынша қызметке кірісісімен, ауылдың қоғамдық өміріне де белсене араласып, өзінің азаматтық ұстанымын көрсетті. Соның нәтижесінде ауылдағы «Нұр Отан» ХДПның бастауыш ұйымының төрағасы болып сайланды.
Мектепте 5-11 сыныптарда тарих пәнінен сабақ берген жас маман өзін терең тарихшы, білікті маман, оқушылардың жүрегіне жол таба білген ұстаз ретінде көрсете алды. Ең алдымен Рүстем оқушылардың сапалы білім алуына ерекше көңіл бөлді. Ол үшін көп ізденді, сабақта әртүрлі әдістемелік құралдарды, сабақта озық технологияларды қолдануды күнделікті әдетке айналдырды.
Соның арқасында балалардың тарих сабағынан білім сапасы көтеріле бастады. 2006-2007 оқу жылдары ҰБТде оның оқушылары тарих пәніне білім сапасынан 75% пайыз көрсеткішке қол жеткізсе, 2008-2009 оқу жылдара 100% пайыз көрсеткішке қол жеткізді. Ал биылғы жылы бір оқушысы КарМУдың тарих факультетіне грантқа түсіпті. Үш жылғы жұмыста бұл да жақсы көрсеткіш.
- Менің мақсатым – оқушылардың бойында отансүйгіштік, патриоттық сезімдерді қалыптастыру, тәуелсіз Қазақстанның лайықты ұрпағын тәрбиелеу. Тарихымызды оқыту ең алдымен ұлтжандылықтан, биік рухтан басталады. Әсіресе,1991 жылдың 16 желтоқсанынан бастау алатын егемен еліміздің жаңа тарихын оқытуға көп мән беремін. Сонымен қатар тарихымыздың әлі ашылмай жатқан парақтары да көп, соларды жас ұрпаққа жеткізуді өзімнің азаматтық борышым деп санаймын-, дейді жеңімпазымыз.
Иә, 18 жеңімпаз: оның ішінде философия ғылымының докторы Е.Досжанов, Азия чемпионы Е.Байбатыров, «Үркер» тобының әншісі Нұрлан Албан сияқты есімі елге танымал тұлғалардың қасында қарапайым ауыл мұғалімі Рүстем Ханнанов та тұр. Ендеше жас жеңімпазымызды шын жүректен құттықтап, оған келешекте шығармашылық табыс тілейік.

**Бикен САҒЫМБЕКҚЫЗЫ**

*Жақсының жүзі жарқын*

# *Бәйтерек*



Адамның жасы ұлғайып, ақсақалдық жасқа келген соң, өткен өміріңді саралап осы фәни жалғанда не істедім, не тындырдым өмір-өзен қалай өтіп жатыр? Дегенді ойлап, сол өткен жақты саралап қарауға бейім болады екен.

Міне, биыл біздің қатарымызда /соғыстан бір-екі жыл бұрын туғандар жетпіс деген жастың жалынан ұстап ақсақалдық жасқа келіп қалдық. Жаратқан иеміздің бергеніне шүкіршілік, біздің Кертінді ауылында да осындай жетіске жетіп, жетіліп отырған біраз азаматтар бар. Біздер соғыс зардабынан әкемізді көрмей өскен, жазушы Ысқаковтың тілімен айтқанда жетімдер әулеті – жасымыздан жетімдікті көріп өссек те, заманның жақсылығының арқасында өсіп жетілдік. Көпшілігіміз жоғары білім алып, мамандыққа ие болдық. Шүкіршілік өзіміз ата-анадан жалғыз болсақ-та отбасын құрып, балалы-шағалы болып, енді ата атанып отырмыз. Бұл деген әдемі Алла-тағала, сосын ел мен заманның берген бақыт-берекесі – деп білемін.

Осының бәрін тәптіштен жазып отырғаным, көсемдігім мен шешендіктен емес. Қолыма қалам алуға себеп болған жоғарыда айтқандай, ауылдың аптал да ардақты азаматы,жолдасым әрі құрдасым Рахымбеков Сейіт Бопылұлы да осы жетімдер әулетінен, биылғы жаңа жыл қарсаңында жетпіске толып отыр.

Осы азамат та, біздің қатардың өз еңбегімен, мақсаткерлігімен, адалдығымен жетпіске жетіп жетілген ақсақалдың бірі емес – бірегейі: әкенің аяулы алақанының жылуын сезбей, ананың шуақ мейірімін көрмей ержеткенімен, ол өте әдепті, мейірімді азамат болып, ел қатарына қосылып еңбекке араласты.

Ол орта мектепті аяқтаған соң Киевка кентіндегі автокәсіпорнына жүргізуші болып орналасып, осында екі-үш жыл абыройлы еңбек етеді.

Осыдан кейін жасы ұлғайған ағашы әкесі Қырықбай ақсақалды жалғыз қалдырмай, сол к ісінің отбасымен Казгородок ауылына қоныс аударып Чкалов атындағы кеңшарға жүргізуші болып жұмысқа орналасады. Ол өзіне біткен еңбекқорлық пен табандылық қасиеттерінің арқасында ***осы ортада да құрметке бөленіп еңбек*** озаты атанады.

Жасынан еті тірі, атқарған жұмысына өте тиянақты – Сейіт сексенінші жылдары сол кездегі Мичурин атындағы ауылшаруашылық техникумына сырттай оқуға түсіп, агроном мамандығы бойынша бітіріп шығады. Одан соң ол сол кездегі ірі егіншілік бригадасына агроном болып тағайь ндалады. Ол осы жұмысты да білгрлікпен атқара білді.

Бүгінгі Сейіт – а ақал өзінің көпшілікпен тіл табыса білетін көпшілдігінің арқасында, адал да аққөңіл азамат ретінде- дос-жарандары мен сыйлас құрбы-құрдастары көп, елі сыйлаған ағайыны мен туған туысы құрмет тұтатын ауылдың сыйлы ақсақалы болып отыр.

Кешегі тарап, кеңшарлар талауға түскен аумалы –төкпелі, осы күні реформалау деп атап жүрген , ел жаппай жұмыссыз қалған кезеңдерде, ауылда алғашқылардың бірі болып, жер алып, өзіне тиесілі үлесімен балаларымен бірге жеке шаруа қожалығын құрып, өз шаруасын бастап кетті.

Істің ыңғайын білетін маман ретінде, бала-шағасы түгелдей еңбекқор отбасы екі-үш жылда шаруашылығын дөңгелетіп әкетті. Ауыл ғана емес аудан көлемі мен облыс көлемінде де ірі шаруа қожалықтарының бірі болып, кәзіргі кезде орнықты өзінің өрнегі мен еңбек таңбасы бар шаруа қожалығы.

Отан отбасынан басталады деген киелі ұғым тегін айтылмаса керек.

Рахымбековтердің шаруасының ырысы молайып табысты жүруіне оның отбасы мүшелерінің қосқан үлесі бөлек айтуға тұрарлық әңгіме.

Сейіттің құдай қосқан жары – Мараш Хасенқызы отбасының ғана ұйытқысы емес. Ол бүкіл ағайын мен дос-жаранның, құда-жекжаттың да-ұйытқысы. Қазақы дәстүр мен жол-жораны жақсы меңгерген, білгені мен өмірден тоқығаны мол, қалы бәйбіше.

Сонымен қатар Мараш он бала туып тәрбиелеп өсірген – батыр ана. Ол батыр ана атағына кешегі Кеңес Заманында қол жеткізген.

Ал бүгін Сейіт пен Мараш екеуі немеремен қатар шөбере де сүйіп отырған қадірменді ата-әжелер.

Осы бала-шағаларының арқасында бұл отбасы басқаны айтпағанда, өз ауылымызда ұлын ұяға, қызын қияға қондырып, өз ауылының ширегіне жақынымен құда-жекжет туған туыс болып отыр.

Осы мақалаға тақырып етіп, бәйтерек деп айдар тағуым да осыған негізделген.

Тіл-ауызым тасқа, Сейіт өзі жалқы туып, жетімдік көріп өссе де, ол бүгін тамырын тереңге жайған, жапырағы көкке бойлап, өсіп-өнген мәуелі- Бәйтерек

Ылайым осындай бәйтеректер ауылымызда да ауданымызда да елімізде де көп болуға жазсын.

Құрдасым досым Сейіт! Жетпіске желіп жеттің, енді сексен түгілі тоқсанда тоңырамай жүзге жет.

**Қорабай Досжанов**
**Кертінді ауылы**

---

## *Құттықтаймыз!*







Кертінді ауылының тұрғындары, ардақты әкеміз **Рақымбеков Сейіт Бопылұлы 70 жасқа , асыл анамыз Рақымбекова Мараш Хасенқызын 65 жасқа,** және сүйікті немересі Алтынайды 10 жасқа толуларымен шын жүректен құттықтаймыз! Мол бақыт, еңбегіне жеміс, зор денсаулық тілейміз.

Жан әке, мерейтойың – жетпісіңде,
Көңілді қоныр самал желпісін де.
Өсірдің балаларды кем қылдырмай,
Өмірдің көріп талай тепкісін де.
Одан соң тойыңызбен Жан Анамыз,
Әрқашан еңбегіңді бағалармыз.
Ата-анаға ақ тілек білдірмекке,
Айтамыз жақсы тілек балалар – біз.

**Игі тіілекпен: Жомарт-Айжан, Ақбопе, Гүлжан № 574**

---

**Киевка кентінің тұрғыны, аяулы анамыз, асыл әжеміз Хамзина Жаңылды 1 қаңтар күні 60 жас мерейтойымен құттықтай отырып, мына өлең жолдарын арнаймыз:**



Жан ана,құтты болсын мерейтойың,
Орындалсын ізгі тілек, арман, ойың.
Тілектес қып, қуанышқа ортақ қылып,
Басын қостың жақын-жекжат, ағайынның.
Аққөңіл, жаны жайсаң, мінезің жоқ.
Ауырмасаң біздердің көңілі тоқ.
Жүз жасап, қуанта бер ұрпағыңды,
Берекелі шаңырақтың ұйытқысы боп!

**Ізгі тілекпен:балалары: Қайрат – Меңтай, немерелері: Айжан, Санжар.**

---

Байтуған ауылының тұрғыны ұзақ жылдар бойы жас ұрпаққа білім беру жолында жемісті еңбек еткен ұлағатты ұстаз **Әкімжанова Риза Әкімжанқызын** 60 жасқа толған мерейтойымен құттықтаймыз. Зор денсаулық, бала-шағасының қызығын көріп, ортамызда аман-сау жүруіне тілектеспіз.



Сондай-ақ тойы тойға ұласып, жүз жасқа толғанын да тойлауға жазсын дей келе мына жыр жолдарын арнаймыз:

Ақылшы боп, қамқор боп бәрімізге,
Өнеге айтып келесіз әлі бізге.
Алпысың бүгінгі құтты болып,
Жетпіс, сексен, келіңіз тағы жүзге.
Мереке күніңізді қарсы аламыз,
Шат-шадыман көңілмен ән саламыз.
Шашу болсын осы өлең өзіңізге,
Сізбен бірге осы тойда қуанамыз.

**Тілек білдірушілер: жолдасы-Бекен, қыздары : Гүлмира - Данияр, Гүлдәрия – Дулат, ұлы Азамат, жиендері : Іспандияр, Асхат № 579**

---

**Киевка кентінің тұрғыны жиеніміз Нұрғалиев Нұрбекті туған күнімен құттықтаймыз!**



Жыл ауысып дүние дір еткенде,
Сен туыпсың жылу боп жүректерге
Өзіңе сол үшін ризамыз
Қосыламыз ең ізгі тілектерге.
Ақ пейілің ел жұртқа белгілі жол.
Саған деген ықылас мүлде бөлек!
Жайнай берші гүл болып даламызда
Сенен аяп тілекті қаламыз ба
Мына қысқа ғұмырда болсыншы тек
Сыйластық пен қимастық арамызда.
Қуаныш, бақыт жалғасып
Өмірің ылғи бақ болсын!

**Ізгі тілекпен : апатайы Майра, Сымбат-Дәуір, Аян және бауырлары Қазыбек, Назым, Таймас, Жазира № 589**

---

**Касенову Суюмбике поздравляем с 70- летием!**

Не подыскать такого слова,
Чтоб в полной мере пожелать,
Вам отличного здоровья
И никогда не унывать.
Желаем счастья и добра,
Поменьше горя и печали.

Чтоб больше было светлых дней,
А хмурые не посещали.
Но в день прекрасный юбилея
Все пожеланья хороши,
Пусть все оставшиеся годы
Несут Вам радость для души!

**Сваты Кухарские, дети Вася – Зуля и внуки Аня, Виталий № 582**

---

**Көбетей ауылының тұрғыны ардақты әкеміз Тоқберғенов Жайлауды 50 жасқа толған мерей тойымен құттықтаймыз.**

Үлкендерден ақ батаны алыңыз
Кішілерге қамқор-қорған болыңыз
Тілегіміз қабыл болсын тек қана
Әкеміз ұзақ ғұмыр жасасын
Балаларыңыз қуаныш әкелсін,

Немерелеріңіз жұбаныш әкелсін,
Орныңыз төр болсын
Дастархан мол болсын.
Тойдан той боп, жүз жасқа да жеткізсін

**Тілек білдірушілер : жұбайы- Күмісай,құдаларыңыз : Еркін-Гүлнар, Серік-Зейнегүл, балалары : Әсел-Дулат, Асет – Гүлдер, Медет, келіні –Элмира, Меирамбек, Қалима, жиендері Нұрай, Нұраят № 587**

---

**Киевка кентінің тұрғындары ардақты әкеміз Бекжігітова Зайкенді 70 жасқа толу мерейтойымен, асыл анамыз Бекжігітова Лизаны туған күнімен құттықтаймыз!**



Аман болсын, асыл әке-шешеміз,
Қошеметтеп, сыйлап әркез өтеміз.
Жақсылықты сіңірген санамызға,
Бас иеміз әкеміз бен анамызға.
Жүзге келіп, жазылмай жұптарың бір,
Қартаймай жүріңдерші арамызда.
Тілейміз үлкен бақыт, зор денсаулық,
Шаңырақтан шашылсын шуақ - шаттық!

**Ізгі тілекпен: балалары, күйеубалалары, жиендері №594**

---

## *Құттықтаймыз!*



Нұра ауданы Изенді ауылы Кенжарық бөлімшесінің тұрғыны,"Отқанжар" ЖШСнің білікті маманы, осы шаруашылықтың өркендеуіне бір адамдай үлес қосып жүрген **Өмірбай Бәйтемешұлы Құсайыновты** асқаралы алпыс жасқа толуымен шын жүректен құттықтап, оған ұзақ өмір, зор денсаулық тілей отырып, мына өлең жолдарын арнаймыз.

Ағайынның ардақтаған ұланы,
Көшбасшысы отбасының ұялы.
Текті атаның жалғастырған ұрпағы,
Қандай мақтау айсақтағы сыяды.

Құтты болсын 60 деген жасыңыз,
Әрқашанда төрде болсын басыңыз.
Ағайын мен туыстардың қасында,
Әлі талай асулардан асыңыз.

*Ізгі тілекпен"Отқанжар" ЖШСнің ұжымы*

---

Қызыл шілік ауылының тумасы, Киевка кентінің тұрғыны, құрбымыз **Хамзина Жаңылды 60 жасқа толған мерейтойымен** және жаңа жылмен **құттықтаймыз,** зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыңызда береке тілейміз, балаларының немерелерінің қызығын көруге жазсын.

Ақ түсіп самайыңа, басқа қырау,
Алпыстың астың бүгін асқарынан.
Мерейтой-мерекеңіз құтты болсын.
Өзің деп тілек айтып, бастадық ән.

Алдыңа ап сүйсең бүгін немереңді,
Тағы да көре бергін шөбереңді
Шат күліп ортамызда аман-есен,
Жүз жасты тойлағаның керек енді.



**Ізгі тілекпен достарың : Гүлшат, Сакен-Майра, Ибрахим-Роза,Ерғазы-Жамал №593**

